

**Кадр бөлімі қызметінің бухгалтерия және жұмысында
мемлекеттік сатып алушы өткізу кезінде сыйбайлас жемқорлық
тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша
ТАЛДАУ АНЫҚТАМАСЫ**

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінін атауы: Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ «№ 17 Қалалық емхана» КМК кадрлар бөлімінің қызметі (ары қарай - Кесіпорын);

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу негіздемесі:

- Қазақстан Республикасының «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410 Заңының 8-бабының 5-тармағы,

- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығы,

- Кесіпорын директорының «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2024 жылғы «06» қарашадағы № 33 бұйрығы.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуғе уәкілетті тұлға - Семейская Н.А. - комплаенс-офицер.

Кесіпорында еңбек қатынастары, қаржы тәртібі саласындағы заңнаманы сактау, мемлекеттік сатып алулар жүргізу бағытындағы сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін СЖІТ талдау жүргізу кезінде ақпарат көздерін уәкілетті тұлғага жинауга және ұсынуға жауапты келесі тұлғалар тағайындалды: Мелдебекова Ж.А. - директордың экономикалық мәселелер және ӘШБ жөніндегі орынбасары және Әбдібаева А.Е. - кадрлар бөлімінің аға инспекторы; Тасқынбаева Б.Қ. - бас бухгалтер; Рахимбердиева С.К. - мемлекеттік сатып алу жөніндегі маман

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі 01 жылғы 2024 қантардан бастап 30 жылғы 2024 қарашаға дейінгі кезенде

Откізу мерзімі - 2024 жылғы 07 қарашадан бастап 30 қарашаға дейін.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде келесі басшылыққа алынды:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 2) ҚР Кесінкерлік кодексі;
- 3) Қазақстан Республикасының «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410 Заңы;
- 4) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңы;
- 5) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңы;

- 6) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандагы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлфілік қағидалары;
- 7) ҚР Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Төрағасы бекіткен 07.04.2021 жылғы сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдары;
- 8) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексі;
- 9) өзге де құқықтық актілермен жүзеге асырылады.

Кәсінорынның сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау обьектісі кадрлар бөлімі болып табылады.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- қызметкерлерге сауықтыру жәрдемақысын төлеуді талдау;
- қосымша жұмыс істейтін қызметкерлердің жұмыска орналасының рәсімделуін талдау;
- медициналық техниканы сатып алуды жоспарлау кезінде және оны сатып алу қажеттілігінің негізділігін талдау.

1. ТАРАУ

қызметкерлерге сауықтыру жәрдемақысын төлеуді жүргізу кезінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Кәсіпорында сауықтыру жәрдемақыларын толеу кезінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында,

АНЫҚТАЛҒАН:

2023-2026 жылдарға жасалған Кәсіпорынның ұжымдық шартымен «Еңбекақы төлеу» бөлімінде Кәсіпорынның штатқа қабылданған және Кәсіпорында негізгі жұмыс орны ретінде жұмыс істейтін қызметкерлеріне сауықтыруға арналған жәрдемақылар төлеу көзделген, бұл ҚР ЕК 139-бабының 10-тармағының талаптарына сәйкес келеді, оған сәйкес негізгі ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысқа лауазымдық жалақы мөлшерінде сауықтыруға жәрдемақы төлеу жүзеге асырылады

Кәсіпорында сауықтыруға арналған жәрдемақы қызметкерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы берілген кезде күнтізбелік жылда бір рет төленеді.

Сондай-ақ Кәсіпорынды дамытудың 2024 жылға арналған жоспарына талдау жасалды, оған сәйкес Кәсіпорынның негізгі қызметкерлеріне 85 344 320,1 теңге сомасында сауықтыруға жәрдемақы төлеу көзделген. Кәсіпорында барлығы 365 негізгі қызметкер жұмыс істейді. Комиссия жұмыс істеген кезеңдегі жағдай бойынша жыл сайынғы негізгі ақылы еңбек

демалысы берілген 347 қызметкерге тікелей жалпы сомасы 70 497 255,0 теңге жәрдемақы төленді.

Кәсіпорын қызметкерлерінің екі мэрте сауықтыру жәрдемақысын алу фактілері анықталмаған.

Сондықтан, Кәсінорында сауықтыру жәрдемақыларын төлеу кезінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдай отырып келесі

ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРЫЛДЫ:

Кәсіпорынның ішкі нормативтік-құқықтық актілері негізгі ақылы жыл сайынғы еңбек демалысына шыққан кезде қызметкерлерге лауазымдық жалақысы мөлшерінде сауықтыруға жәрдемақы төлеуге кепілдік беретін еңбек заңнамасының нормаларын қамтиды. Сауықтыруға арналған жәрдемақыларды төлеуді жүзеге асыру кезінде қаржылық тәртіптің бұзылуы анықталған жок.

2. ТАРАУ

қосымша жұмыс істейтін қызметкерлердің жұмысқа орналасуының рәсімделуі кезінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Кәсінорын қызметкерлерінің жалпы саны 365 адамды құрайды, оның ішінде 18 адам қосымша жұмыс істейді.

Қосымша жұмыс істейтін қызметкерлердің 18 кадрлық ісі зерттелді.

ҚР ЕК 32-бабының талаптарына сәйкес әрбір қызметкердің жеке ісінде келесі құжаттар жиынтығы бар:

- 1) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі
- 2) тиісті білімі, іскерлік пен дағдыны талап ететін білімі туралы құжаттар, кәсіптік біліктілігін анықтау туралы құжаты, жұмысқа еңбек шартын жасасу кезінде арнайы білімінің немесе кәсіптік даярлығының болуы туралы құжаты;
- 3) еңбек қызметін растайтын құжаты;
- 4) алдын ала медициналық куәландырудан өткені туралы құжаты;
- 5) сотталғандығы туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтамасы;
- 6) сыйбайлас жемқорлық қылмысын жасағаны/жасамағаны туралы мәліметтер;
- 7) ПСО анықтама.

Қосымша жұмыс істейтін қызметкерлерді жұмысқа орналастыру кезінде мұдделер қақтығысы анықталған жоқ, қосымша жұмыс істейтіндердің ешқайсысы негізгі қызмет атқаратын қызметкерлердің туыстары болып табылмайды.

Еңбек.KZ АЖ мәліметтерді талдау барысында барлық қосымша жұмыс істейтін қызметкерлер ҚР ЕК 68-бабының 1-тармағында белгіленген жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығын - аптасына 40 сағаттан асырмай жұмыс істейтіндігі анықталды. ҚР ЕК 68-бабы 2-тармағының талаптарына

сәйкес Кәсіпорында есеп жүргізу кезінде есептік кезеңдегі жұмыс сағаттарының қалыпты саны тиісінше азаяды.

Осылайша, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында қосымша жұмыс істейтін қызметкерлерді рәсімдеу кезінде КР заңнамасының бұзушылықтары анықталған жоқ.

3. ТАРАУ

медициналық техниканы сатып алуды жоспарлау кезінде және оны сатып алу қажеттілігінің негізділігінің сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

СЖТІТ өткізу барысында медициналық техниканы сатып алуды жоспарлау және оны сатып алу қажеттілігінің негізділігі кезінде Кәсіпорынның 2024 жылға арналған даму жоспарына талдау жасалды, оған сәйкес Кәсінорын жоғары сапалы магнитотерапия/жарық терапиясын жүргізу үшін ақылы бөлімше үшін медициналық жабдық сатып алынған. Ақылы бөлімше мецгерушісі берғен өтінімнің негізінде мемлекеттік сатып алу бөлімі баға ұсынысы арқылы мемлекеттік сатып алуды жүргізген, женімпаз болып Павлодар қаласындағы «Арзу_ПВ» ЖШС танылған.

01.02.2024 жылғы № 240048 келісім-шарттың шарттарына сәйкес Кәсіпорынға Биопtron Про 1 PAG-991 еденге қойылатын жарық терапиясы приборы орташа коммерциялық ұсыныстарға сәйкес келетін жалпы 1 800 000 теңге сомасына жеткізілген. Қазіргі уақытта аталған медициналық техника ақылы бөлімшеге орналастырылған, жалпы сомасы 108 000 теңгеге 108 пациентке медициналық қызмет корсетілғен.

Сондықтан, медициналық техниканы сатып алуды жоспарлау және оны сатып алу қажеттілігінің негізділігі кезеңдеге сыйбайлас жемқорлық тәуекелдігінің ішкі талдауын жүргізу барысында КР заңнамасының бұзушылықтары анықталмаған.

Комплаенс-офицер

Н. Семейская

29 қараша 2024ж.

ТАЛДАУ АНЫҚТАМАСЫНЫҢ МАЗМУНЫМЕҢ «ТАНЫСТЫМ»

Алматы қ. КДСБ ШЖҚ «№17 Қалалық емхана» КМК
директоры

А.Е. Тәжиева



29 қараша 2024 ж.